

**"Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік саланың мамандарына жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 134 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 тамыздағы № 234 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 қыркүйекте № 4019 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2016 жылғы 17 тамыздағы № 51 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облыстық мәслихатының 17.08.2016 № 51 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 2-тармағына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік саланың мамандарына жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 134 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3275 тіркелген, 2008 жылғы 30 желтоқсандағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінің № 160-161 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

шешімнің атауындағы, "ауылдық (селолық) жерде" деген сөздер "ауылдық елді мекендерде" деген сөздермен алмастырылсын;

шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын

мамандардың ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін." .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*А. АХМЕТ*

*С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК